

Темиргалиева Д.О., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, филология факультеті, КО-21-21 тобы, студент
(Ғылыми жетекші – ф.э.к., қауымдастырылған профессор Кенжеғалиев С.А.)

МЕТАФОРИЗАЦИЯ ПРОЦЕСІ ЖӘНЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМ

Метафораның қызметі арқылы тілдің лексикалық және фразеологиялық қабаты, жалпы сөздік құрамы, бір ұғым аясы кеңі түседі. «Сөздің метафоралануы арқылы сөз саны өспегенімен, мағына аясы көбейеді, сөз мағынасы дамиды. Метафора – көптеген тіл қабаттарының шығу көзі. Мәселен, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер метафораға негізделіп жасалады. Мысалы, Жақсы дәстүр жан семіртеді; Ауыр істің салмағы білекке түсер, ащы сөздің салмағы жүрекке түсер; Атадан жақсы ұл туса, есіктегі басын төрге сүйер, атадан жаман ұл туса, төрдегі басын есікке сүйер; Бестің басы болғанша, алтының аяғы бол; Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы; Тәуекелдің кемесі суға батпайды; Тату үйдің бақыты тасыр; Уайым түбі – тұңғиық, батасың да кетесің, тәуекел түбі – жел қайық, мінесің де өтесің; Жақсы көрші тапқаның – мол олжаға батқаның; Ақылды қария – ағып жатқан дария; Кең болсаң, кем болмайсың; Ер жігіт – елінің ұлы, намысының құлы; Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні кәріп; Жақсы сөз – жан азығы деген сияқты көптеген мақал-мәтелдердің метафоралық ойға негізделіп жасалғанын көруге болады», – деп түсіндіреді ғалым А.Сыбанбаева [1, 13-14].

Ал метафоралардың тұрақты қолданысқа түсуінен идиомалар жасалады. Мысалы, тас бауыр, ақ жүрек, қара ниет, су жүрек, қара жұмыс, бағын байлау, тізгін босату, ақыл (ой) таразысына салу, базары тарқау, кеудесінде оты бар, оң көзбен қарау, ала көз болу, тіс қаққан, іріткі салу, жыртысын жырту, сойылын соғу, жіпке тізу, намысқа сызат түсіру, қабырғасы қайысу, қанаты қату, қанаты сыну, үміті үзілу, көңілі сыну, сағы сыну, тауы шағылу, көзі ашық, қолы ашық, суық қол, тілі ұзын, қара су, басы бос, басына бұлт төну т.б.

Б.Хасанов: «Ең қиыны – идиомдар мен метафораның ара-жігін ажырату, бұл идиомдардың метафоралық тіркестің негізінде жасалуына байланысты, – дей келіп, олардың негізгі айырмашылықтарын көрсетеді. – Біріншіден, идиомның компоненттерінен тарихтың ізін байқаймыз: оның элементтерінен грамматикалық құрылысы, лексикалық құрамы немесе семантикалық мәнін жоғалтқандығын байқауға болса, метафоралық тіркес – тілдің өткеніне де, қазіргі қалпына да, кейінгі сатысына да тән категория, құбылыс.

Екіншіден, идиомның құрамындағы компоненттері жиылып барып, өз мағынасын емес, мүлдем басқа мағына беретін болса, метафоралық тіркестің бір сыңары көпшілік жағдайда төл мағынасында келеді» [2, 42; 44].

«Метафоралардың барлығы фразеологизмдерге айналмайды. Кейбір тұрақты метафоралар, баға беру қызметін атқаратын метафоралар, дәстүрлі метафоралар, ақын-жазушылардың сәтті, ұтымды метафоралық тіркестері жиі қолданылып, фразеологиялық мағына алады, тілде кең қолданысқа түседі» [3, 7].

Сонымен қатар метафора диалект сөздердің, табу және эвфемизмдердің, терминдердің пайда болуына әсер етеді. Сөздің метафоралануы арқылы метонимия, синекдоха жасалады.

Сөйлем, мәтін – сөз мағынасының айнасы. Сөз контексте ғана метафора бола алады. Сөздің метафоралық мағынасы контексте анықталып, айқындалады. ...Сөздік құрамның толығының өнімді жолы сөздің метафоралану үдерісі екені жоғарыда айтылды. «Ол сөздің сыртқы тұлғасына фонетикалық, морфологиялық өзгерістер енгізбей, мағынаны өзгерту нәтижесінде жүзеге асырылады» [2, 18].

Метафораны көпмағыналы сөзден, омонимнен ажырата алмаушылық жиі кездеседі. Әсіресе метафора мен көпмағыналы сөзді бір тілдік құбылыс ретінде тану, оларды бір-бірінен айыра алмау сияқты қиындықтар кездесіп қалады. Тілде «метафора» термині ауыспалы мағынада қолданылатын кез келген сөзге байланысты айтылады. Метафора сөздің көпмағыналығын тудырады, омонимдердің жасалуына негіз болады.

Бұл жөнінде Ғ.Әбуханов былай дейді: «Метафора омонимдер мен көпмағыналы сөздерді бірімен-бірі шатастыруға болмайды. Көпмағыналы сөздердің әр сөйлемде, контексте беретін мағыналары әр түрлі болғанымен, негізгі бір түбірден, бір ұғымнан шығады. Ал омоним сөздердің мағыналық жағынан және жасалуы, шығуы жағынан түбір туыстығы болмайды» [20, 11].

Метафораның полисемия, омонимдерге қатысы туралы Б.Хасанов былай деп жазады: «Метафораның негізінде сөздердің көпмағыналығы дами бермек. Сөздің мағыналары дами, көбейе

келе өзара байланысын жоғалтуға дейін жетеді. Ақыры кейбір мағыналар полисемант жүйесінен әбден бөлініп, дербес сөзге, омонимге айналады» [2, 193].

Тілде бірдей дыбысталып айтылатын, бірақ мүлдем әр түрлі мағынаға ие сөздер бар. Мұндай сөздер лексикалық омонимдер деп аталады. Омонимдердің көпмағыналы сөздерден айырмашылығы – олардың арасында семантикалық байланыстың жоқтығында. Омонимдер көпмағыналы сөздердің мағыналарының арасында семантикалық байланыстың үзілуінен де пайда болады. Бірақ бұл – ұзаққа созылған үдерістің нәтижесі. Кейбір омонимдердің арасында мағыналық байланыс әлсіз болса да сақталады, оларды тілші-ғалымдар семантикалық омонимдерге жатқызады. Сөздердің мағыналық жақтан дамуы нәтижесінде омонимдер жасалады. Ауысқан мағынаның өзінің тағы, екінші рет метафоралануы көбіне оны полисемант жүйесінен әбден бөлініп шығуға, басқа бір лексикалық бірлікке, омонимге айналуына әкеліп соқтырады.

Көпмағыналы сөздердің арасында мағыналық байланыс болады. Полисемия, омонимдердің метафорамен арақатынасы бұларды бір-бірінен ажыратуда біраз қиындықтар тудырады. Бұл – бірінің негізінен екіншісінің жасалуынан болады. Сөздің метафоралануынан сөздің көпмағыналығы туады, бірақ көпмағыналы сөздердің бәрін метафора деуге болмайды. Сөз мағынасының ауысуы – метафоралық мағынаның пайда болуының басты шарты. Алайда сөздің ауыспалы мағынасы метафораны тудырады деп айту жеткіліксіз. Метафора болу үшін оған тән белгілер мен қасиеттер болу қажет.

«Сөздің ауыс, тұрақты, кеңейген, көпмағыналығы, кейбір омонимдік сипаттары – сөздің негізгі мағынасының дамуынан туған түрлі дәрежедегі мағыналық көріністері.

...Бұлардың бәрін тілдің сөздік құрамының даму нәтижесінде пайда болған, пайда болатын тілдік факторлар деп тану керек» [4, 137].

Метафора тілде бірнеше қызмет атқарады. Ол сөзге атау беріп, жаңа мағына тудырады, көркем образ жасайды, сөз мағынасына көркемдік сипат қана бермейді, айтылатын ойға, тереңдік, жандылық береді. Сөзге эмоционалды-экспрессивті мағына үстейді. Ол – адамның эмоционалды реакциясын білудің маңызды құралдарының бірі. Сонымен бірге метафораның белгілі бір жағдайға баға беру қасиеті де бар.

Метафора құбылысына тән тағы бір ерекшелік – ол тілде белгілі бір нәрсеге баға (жағымды, жағымсыз) да береді. Метафоризация процесі кезінде баға беру мәнінің пайда болу мүмкіндігі метафора табиғатымен тікелей байланысты. Метафораның баға беру қызметін мына мысалдардан айқын көруге болады: жылы сезім, ыстық ықылас, жылы қабылдау, үлкен жүрек, суық қарау, салқын амандасу, қара ниет, суық хабар, қара тізім, қара күш, қара іс, көңілсіздік көлеңкесі, өмірдің ащысы, жаны жалын, мейірім шуағы, лас сөз жылы қабақ сары уйым, ащы сабақ, құрғақ сан, құрғақ сөз, көбік сөз салқын көзқарас т.б. «Мұндай қызмет атқаратын метафоралардың біразының тілде жиі қолданысқа түсіп, фразеологизмдерге айналғандығын көруге болады. Мысалы, қара тізім, құрғақ сан, ащы сабақ, шала сөз т.б.», – дейді ғалым Ә.Болғанбаев [5, 54].

Бір сөз әр тілде әр түрлі метафоралық мағына білдіруі мүмкін. Мәселен, арнайы алаңдарда орналасқан еркін сауда-саттық жайы, орны деген мағынаны білдіретін базар сөзі қазақ тілінде өмірдің базары деген тіркестерде қолданылып, адамның жастық шағы, қарттыққа дейінгі өмір кезеңі, өмірдегі қуаныш, отбасындағы береке, бала-шаға деген сияқты жағымды мағыналарды білдірсе, орыс тіліндегі қолданысында тәртіпсіздік, «айқай, у-шу» деген жағымсыз мағынаны білдіреді.

А.Сыбанбаева метафораның сандық сипаттамасы туралы: «Метафораның сандық сипаттамасы оның баға беру қызметімен тығыз байланысты. Сандық сипаттама баға беру аясында жүзеге асады. Бұған көтеріліс толқыны, түпсіз тауқымет, өлең шоғыры, ақпарат (тар) ағыны, пікір (лер) ағыны т.б. сияқты мысалдарды келтіруге болады. Соңғы кезде газет тілінде сандық сипаттағы етістік тұлғалы метафоралар жиі қолданысқа түсуде. Мәселен, халық ағылды, қаражат құйылды, одақ ыдырады, қылмыс өршіді, гүлдер төгілді, жау қаптады, халық тұншықты, ақша шашылды, тұрмыс гүлдеді т.б. Мысалы:

Ішкі Ресей губернияларында жерсіз, жерін помещиктер тартып алған мұжықұтар өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап Сібірге, Қазақ даласына қарай ағыла бастады («Арай»).

Ішкі Ресейден босқан қара шекпенділер әсіресе сулы-нулы Жетісу өлкесіне көбірек құйылды (Арай).

Байтұрсынұлы балалықпен қоштасқанда байтақ дала орыс империясының озбыр өңешіне жұтыла бастағанына бір жарым ғасыр өткен («Қазақстан мектебі»).

Етістік тұлғалы сандық метафоралар бір жерде үлкен көлемде топтасу – шоғырлануды білдіреді. Мұндай метафоралар көркем әдебиет және баспасөз тілінде қолданылады. Сандық метафоралар, әсіресе публицистикалық стильде жиі қолданылады», – дейді [1, 19].

Метафораның баға беру, сандық сипаттама беру қызметі – терең зерттеуді қажат ететін мәселелер.

Метафора – дүниені тану, қабылдау тәсілі, оның тілдік бейнесі ретінде адамның ойы, ақыл-санасы, мәдениетінің шығармашылық байланысын көрсететін үнемі даму үстіндегі танымдық үдеріс. Ол – пайда болған ақпаратты қабылдау жолы. Метафора табиғаты нақты адамдар тәжірибесінде дүниетанудың даму үдерісімен түсіндіріледі.

«Метафораның ең басты стильдік ерекшелігі – бейнелілігі, ойды бейнелі түрде жеткізетіндігі. Ол сондықтан да көркем әдебиет стилінде жиі қолданылады. Ал ғылыми, кеңсе, ресми, іс қағаздары стильдерінде метафора дәл мұндай дәрежеде кездеспейді...» [6, 63]. М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаев: «Метафора ғылыми стильде де қолданылады. Мұнда тек жалпыхалықтық сипаттағы метафоралар, яғни ауыс мағынасы кімге болса да жақсы түсінікті, әбден орныққан сөздер ғана пайдаланылады. Контекстік метафоралар ғылыми стильде жалпы кездеспейді. Бұл ғылыми стильдің өзіндік сипатымен, оған тән ерекшелікпен тығыз байланысты. Ғылыми әдебиеттерде, оқулықтарда қолданылатын сөздердің мағынасы жұртқа жете таныс, жеңіл сөздермен, оңай тілмен жазылады. Сондықтан оларда үнемі жалпыхалықтық сипаттағы метафоралар ғана қолданылып отырады», – деп өріс, тиек, табан сияқты сөздердің метафоралық қолданысы мысалға келтіріледі [6, 63].

Қазіргі кезде тілде қолданылып жүрген жаңа қазақтар, тарихи ақтаңдақтар, ақталу, көз алмасы, машинаның еске сақтауы, ыстық нүкте, жұлдызды соғыс, сауда нүктесі, қоғам дерті, дертті мәселе, ақшаны жуу (басқа жаққа аудару), ақ жағалы қылмыскер (лауазымды адамның қылмыстық әрекет жасауы), көлеңкелі экономика, демографиялық жарылыс, демографиялық дүмпу, қара базар, әлеуметтік жарылыс т.б. метафоралар семантикалық өтпелі кезеңде, яғни әлі даму үстінде, тұрақталып тұрақты метафораларға, бірте-бірте фразеологизмдерге (идеомаларға) айналады. Мысалға келтірілген метафоралар да орыс тілінің әсерінен қалыптасты. Бұл – тілдегі заңды құбылыстардың бірі. Мұндай метафоралардың көпшілігі тікелей қоғамдық санадағы өзгерістерге байланысты туындап отырады. Сонда тіркес ретінде жүрген метафоралар бірте-бірте фразеологизмдерге айналды.

Әдебиеттер

1 Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. – Алматы: «Дәуір», 2002. – 128 б.

2 Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы: «Мектеп», 1966. – 136 б.

3 Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: «Ғылым», 1988. – 218 б.

4 Барлыбаев Р. Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы. – Алматы: «Мектеп», 1963. – 166 б.

5 Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ф. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: «Ғылым», 1997. – 256 б.

6 Балақаев М. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: «Мектеп», 1966. – 180 б.

Турдыбекова К.К., Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, факультет иностранных языков, гр. МFF-22-3eng, магистрант
(*Научный руководитель - д.ф.н., профессор Исина Г.И.*)

СЕМАНТИКА РЕЛИГИОЗНЫХ КОНЦЕПТОВ В АНГЛИЙСКОЙ И КИТАЙСКОЙ ЛИНГВОКУЛЬТУРАХ

Религия – социальное, историческое и культурное явление с самым широким распространением, самой длинной продолжительностью и самым глубоким влиянием. Религиозная жизнь всегда погружена в символическую и знаковую реальность. Язык религии – незаменимое средство коммуникации, в нем воплощаются высшие идеи и благородные понятия. Поскольку религия есть ценностный фундамент человеческой культуры, постольку язык религии образует основу языка общественной жизни, придает жизни трансцендентный смысл, обуславливает стратегические ценностные ориентации [1]. Отражающаяся в языке религиозная картина мира содержит определенные религиозные концепты, такие как Бог, рай, ад, добро, зло и др.